

«6D060600 - Химия» мамандығы бойынша PhD докторанты Мукажанова Жазираның «Сабынкөкгүлділер (*Scrophulariaceae*) тұқымдасына жататын кейбір өсімдіктердің химиялық құрамын және биологиялық белсенділіктерін зерттеу» тақырыбындағы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін ізденуге арналған диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Қазіргі таңда дүниежүзінде өсімдік тектес шикізатқа және олардың өнімдеріне сұраныс артуда. Қазақстанда өсетін өсімдіктердің химиялық құрамын зерттеу, жаңа отандық жоғарғыэффektivтілік көрсететін биологиялық белсенді кешен алу, оның негізінде жаңа субстанциялар алу теориялық және практикалық тұрғыдан өте маңызды.

Елімізде фармацевтика өндірісін дамыту бағдарламалары жүзеге асырылуда, осы бағдарламалар аясында фармацевтика өндіріс нарығын дамытуда, жаңа дәрілік өсімдіктер, олардан алынған жаңа биологиялық белсенді кешендер өз септігін тигізеді.

Жоғарыда айтылған мәселелерді шешу мақсатында және бәсекелестікке қабілетті отандық биологиялық белсенді кешен алу докторлық диссертацияның негізгі мақсаты мен міндеті болып саналады.

Мукажанова Жазираның зерттеу жұмысы отандық өсімдік шикізатын пайдаланып, биологиялық белсенді кешен алудың оңтайлы технологиясын ұсынып, оның белсенділігін анықтауға негізделген.

Зерттеу нысандары ретінде келесі мәселелерді қарастырған, отандық өсімдік шикізаттарына салыстырмалы сапалық және сандық талдау жүргізу, биологиялық белсенді кешен алудың ғылыми негіздерін ұсыну, алынған биологиялық белсенді кешен мен заттардың негізінде жаңа, эффективтілігі жоғары отандық биологиялық белсенді кешен алу.

Диссертациялық жұмыста алғаш рет іргелі бағдарлама аясында Шығыс Қазақстан облысында өсетін *Verbascum* – Аюқұлақ (*V. orientale*, *V. densiflorum* және *V. phoeniceum*) текті өсімдік түрлерінің жер беті бөлігі зерттелді. Олардың сапалық және сандық құрамына салыстырмалы талдау жасалды.

Биологиялық белсенді заттарды бөлу үшін классикалық мацерация және Сокслет аппаратындағы циркуляциялық экстракциялау әдістері қолданылды. Шикізаттан алынған гексан экстрактісінің құрамынан ГХ–МС көмегімен липофильді заттардың құрамы анықталды.

Verbascum текті өсімдіктерден фенилпропаноидты кешенді алу үшін тиімді сорбент ретінде МСІ СНР-20Р гелі ұсынылды.

Сонымен қатар, *Verbascum* өсімдігінен бұрын әдебиетте келтірілмеген жаңа зат: лютеолиннің 7-О-β-D-глюкопиранозил-3-О-(3-гидрокси-4-метокси)-циннаматы бөлінді.

Зерттеу шикізаттарынан алынған фитопрепараттардың цитотоксикалық, иммунтүрлендіргіш, тотығуға және бактерияға қарсы белсенділіктері анықталды.

Диссертациялық зерттеу жұмысының эксперименталді бөлімі Медицина ғылымдарының университетінде (Стамбул, Түркия) жүргізілген.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері отандық және шет елдік халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда және Thomson Reuters, Scopus базаларына кіретін халықаралық басылымдарда қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланған.

Ізденуші - Мукажанова Жазира Бигалиевнаның диссертациялық жұмысына қойылған мақсат, міндеттері, зерттеу көлемі, пайдаланған әдістері, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік өзектілігі жоғары және отандық фитопрепараттарды өндіруде ерекше орын алады, сол себепті 6D060600 – «Химия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуда, диссертацияға қойылатын барлық талаптарға сай келетін білікті ғылыми еңбек деп, қорғауға ұсынамын. Ал ізденушінің өзі 6D060600 – «Химия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне толық лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші
химия ғылымдарының кандидаты
қауымдастырылған профессор



Ескалиева Б.К.

ПОДПИСЬ ЗАБЕРСЮ
[Handwritten signature]